

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тақ

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.07.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/78492/

Ежелгі заманда ел басқару ісі хан мұрагерлеріне атадан-балаға мирас ретінде қалатын болған. Осындай жарлыққа ешкім де қарсы шыға алмаған.

Бірақ, әрине барлығы да биліктің дәмін татқысы келеді ғой. Бір-бірімен тақ үшін таласқан ағайындылар да аз емес. Егер де ондай жағдайлар болғанда, олар бір-бірімен күш сынасып немесе таласып, қайсысы жеңіп шықса сол тақ иесі атанады. Алайда, тақ халқына жанашыр, парасатты, жалпы айтқанда бойына жақсы қасиеттерді сіңіре білген әділ билеушіні қалайды. Тақ иесі ондай болып шықпаған жағдайда, халық билеушіні орынынан түсіруі ғажап емес. Қаншама қиыншылығы бар билікті ұзақ уақыт тұрақты басқару екінің бірінің қолына келе бермейтін іс. Бұл ежелгі заманның билігі ғой. Қазіргі кезде мүлдем басқаша.

Бұрындары ел билеушіні хан десе ендігі кезде президент деп атайды. Басқа атаулар да түбірімен өзгеріске ұшырады. Ата заманда ханның қол астында 40 уәзірі болса, қазіргі уақытта ол қызметті парламен және министр өкілдері атқарады. Президенттен кейін сайланатын мұрагер емес. Қол астындағы адамдардың қайсысының тәжірибесі мен қабілеті өзгесінен басым болса сол адам президент болып сайланады. Әрине, барлық басшы өз халқын әділ басқарғысы келеді және оған тырысады. Біздің елбасымыз елді ұзақ әрі тұрақты басқарды. Күтпеген жерден орнына президент сайлау дегенді естіген халық абдырап қалғандай болдық. Дегенмен қазіргі президент те елбасыдан кем емес. Алдағы уақытта да осы қарқынына талмайды деп бар халық сенеді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.